

Балпық ауылдық округінің "Жаңаталап" ауылына жеке аулаларында қой, ешкі малдарының ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу енгізілуі туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 141 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 24 шілдеде N 2-12-114 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 қазандағы N 339 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009.10.22 N 339 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2009 жылдың 12 маусымындағы N 342 сараптамасы, Қаратал ауданының бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторының 2009 жылдың 24 маусымындағы N 313 хабарламалары және төтенше жағдай жөніндегі аудандық комиссияның 2009 жылдың 24 маусымындағы хаттамасы негіздерінде, Қаратал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балпық ауылдық округінің "Жаңаталап" ауылына жеке аулаларында қой, ешкі малдары ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында, шектеу енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К. Естібәеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім:

Қ. Медеуов